



# Жалағаш ЖАРШЫСЫ



«zhalagash-zharshysy.kz»  
ақпараттық агенттігі

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

## Бағдарлама игілігі

### «Таза Қазақстан»: табиғатты қорғауда маңызды қадам

Былтыр Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы Сыр өңірінде кеңінен қолдау тауып, ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылды. Қала, аудан, елді мекендер тұрғындары, мемлекеттік мекеме, қоғамдық ұйымдар мен кәсіпорындар қызметкерлері іргелес аумақтар мен аулаларды тазартуға біріксідей атсалысты. Сонымен қатар тарихи-мәдени ескерткіштер аумағы абаттандырылып, көшеттер отырғызылды, ағаштар өктелді.



Жасыл желекті көбейту және тазалық сақтау бағытында жергілікті мекемелер белсенді еңбек етуде. «Жасыл Қызылорда» мекемесінің мамандары Қызылорда қаласындағы Н.Назарбаев даңғылы бойын көгалдандыруға қызу дайындықты бастап кетті. Қазір топырақ құнарлылығын арттыру үшін көңмен байытылған құм төселуде. Сондай-ақ Қызылорда қаласында арық жүйелерін тазалау және көгалдарды күтіп-баптау да жүйелі жүргізілуде. Кешегі сөнбілікте облыс орталығы мен барлық аудан тұрғындары жоғары белсенділік танытты. Айта кету керек, экологиялық іс-шара басталғалы оған 730 мыңға жуық облыс тұрғыны қатысты. 27 000 тоннадан астам қоқыс шығарылды, 505 сквер мен саябақ, 225 тарихи-мәдени ескерткіш аумағы, 791 әлеуметтік нысан, 4596 өнеркәсіп және бизнес нысаны, 322 су нысаны, 47 451 аула мен көше тазартылды. Бағдарламаға қатысу арқылы әрбір азамат өз аумағын таза ұстап, қоршаған ортаға қамқорлық көрсетуге үлес қосады. Бұл – экологиялық мәдениетті қалыптастыруға және табиғатты қорғауға бағытталған маңызды қадам.

Еске салайық, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен тазалық, көркейту-көгалдандыру бағытында 2023 жылдан бері «Үлгілі елді мекен» облыстық байқауы бастау алды. Кейінгі 2023-2024 жылдары байқау 3 мәрте өткізілді. Облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлініп, жеңімпаз елді мекендерге 48 арнайы коммуналдық техника табысталды. Осы техникалар жеңімпаз атанған аудан орталықтары мен ауылдарда қызмет етуде. Конкурсты биыл да өткізу жоспарда бар.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

## Сұхбат

Дастан ҚҰРМАНБАЕВ,  
Қызылорда облысының бас имамы:

### РАМАЗАН АЙЫНЫҢ МАҚСАТ-МҰРАТЫ ОРЫНДАЛҒАНДА, ІЗГІ ҚОҒАМ ҚАЛЫПТАСАДЫ

Енді санаулы күндерден кейін күллі мұсылман жұрты асыға күтетін айлардың сұлтаны – Рамазанға қадам басамыз. Бұл ай – береке мен мейірімнің, сабыр мен сауаптың кезеңі. Қасиетті айдың қарсаңында Қызылорда облысының бас имамы Дастан Құрманбаевпен арнайы сұхбаттасқан едік...

Жалғасы 2-ші бетте



## Еңбек адамы



### Тракторшы Қалимаш

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында «Елімізде еңбекқор адам, кәсіби маман ең сыйлы адам болуы тиіс. Осындай азаматтар мемлекетімізді дамытады. Біз қарапайым еңбек адамына құрмет көрсетуіміз керек» деген болатын. Жалағашта да қарапайым еңбек адамдарының адал жұмысын дәріптеу мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылуда. Өткен аптада Мәрілі Шәменов ауылындағы мәдениет үйінің ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар» жылына орай «Трактор тізгіндеген әже» тақырыбында Қалимаш Мақұлбаевамен кездесу өтті.

Қазіргі қоғамнан жеңіл көлікпен жүйткіген қыз-келішектерді көптеп кездестіресіз. Алайда трактор тізгіндеген нәзікжандарды табу қиын. Трактор тізгіндеген әйел тек техникамен жұмыс істеп қана қоймай, дала төсінде тер төгіп, егін саласына еңбек етеді. Солардың қатарында отбасының берекесі болған, ауыл шаруашылығының дамуына да өзіндік үлес қосқан 63 жастағы Қалимаш Мақұлбаева да бар. Өз заманында трактор тізгіндеп, жер жұрту, егін егу сынды жұмыстарды ер азаматтармен қатар істеген әжеміз «Еңкейгеннің еңсесін еңбек көтереді» деген қағидамен 18 жасында тракторға отырған. Нәзікжандар үшін механизмдер болу үлкен ерік-жігер мен асқан тәзімділікті қажет ететін сөзсіз. Сондай ауыр жұмысты табандылықпен атқарған кейіпкеріміз – бүгінде бейнелің зейнетін көріп отырған бақытты әже. Дала жұмысына ерте араласып, еңбек бригадасында қызмет еткен ол «Трак-

торшы болу – үлкен өнер» деп біледі. – Ең алғаш 1977 жылы 15 жасымда 8-ші сыныпты бітіріп, аудандық №15 кәсіптік-техникалық училищеде механизатор мамандығы бойынша білім алдым. Негізі туып-өскен жерім – Таң ауылы. Менімен бірге оқуға 9 қыз келді. Оқуды 1979 жылы 18 жасымда бітіріп, еңбек жолымды өзімнің туған жерімде трактор айдаудан бастадым. Жастықтың әсері ме, еш қорқуды білмедім. Күміскім есімді сыныптас құрбым екеуіміз басшымыз қандай жұмыс тапсырса да тиянақты орындап, тракторды тізгіндеп кете беретінбіз, – дейді Қалимаш Мақұлбаева. Тракторды 10 жыл тізгіндеген кейіпкеріміз Қызылорда қаласындағы совхоз техникумның механик-инженер факультетіне сырттай оқуға түсіп, 1985 жылы Мәрілі Шәменов ауылына келіп болып тұскен. Жолдасы Жұмаділ мен енесінің рұқсатымен 3 жыл трактор айдап, ауылда механизатор-слесарь болып қызмет еткен. Ол екінші анасының қолдауының

арқасында үй шаруасына қиналмай, одан көп нәрсе үйренгенін айтты. Кейіпкеріміз шаруашылықтың айтулы іскер механизаторы болған. Дала төсінде оның қолы тимеген бірде-бір жұмыс қалмаған. Шөл шабу, мал азығын, отын тасу, алқапта қауың картоп, қырыққабат жинау сынды жұмыстардың барлығында кейіпкеріміздің күндіз-түні төккен маңдай тері бар. Кездесуде мектеп оқушылары кейіпкерімізге түрлі сұрақ қойып, трактор тізгіндеген жылдары кездескен қиыншылықтармен бөлісуің, әсіресе тракторы бұзылған сәттерде қандай шаралар қолданғанын сұрады. – Трактор техника болғасын бұзылмай тұрмайды. Ол замандағы техника мен қазіргі техниканы мүлдем салыстыруға келмейді. Тракторымыз жұмыс барысында жиі бұзылып, өзіміз қайта жөндеп, айдап кете беретінбіз. Білмеген нәрсемді механиктер жөндеп береді. Ал жеңіл-желпі жерлері болса, өзім жөндеп кете

беретінмін. Жастайымнан техниканың қыр-сырын біліп, күні-түні уақытым сол трактормен өткесін оны жөндеу маған аса қиынға соқпайтын. Оның үстіне мен тізгіндеген трактор маған сұжаңа күйінде берілгендіктен көп бұзылмады. Маған жауапкершілікпен табысталғандықтан күтіп мініп, барында таза ұстадым. Әр нәрсеге жауапкершілікпен, жаңашырлықпен қарауды ең алдымен ата-анамнан, одан бөлек екінші анамнан үйренгенім, – дейді ол. 10 жыл ішінде «Беларусь 80», «МТЗ 80», «Т 28», «Т 40» сынды тракторларды тізгіндеген еңбек адамы әлі күнге трактор жүргізуді ұмытпаған. Сөзімізге шара барысында Қалимаш алай туралы әзірленген бейнеролик дәлел. Онда алыс жасты алқымдаған кейіпкеріміздің трактор жүргізіп келе жатқаны анық көрсетілген. Жастайымнан техниканың тілін меңгеріп, ауыл шаруашылығы саласының өркендеуіне зор үлес қосқан еңбек адамы бүгінде 4 баласынан 11 нөмере сүйіп отыр. Еңбекпен ерте жастан өтене араласқан ол шара соңында жастарға ақыл-көнесін айтып, «Еңбек өткеннің еңсесі биік» болатынын жеткізді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ



### Кәсіпкер келіншек

Ауданда кәсіпке ден қойғандар қатары артуда. Бірі мемлекет тарапынан берілген мүмкіндікті тиімді пайдаланып, тың идеясымен жаңа кәсіп бастаса, енді бірі дөңгелентіп отырған кәсібінің көжжигін кеңейтуде. Солардың бірі – Мәдениет ауылының тұрғыны Марусия Бекмуратова.

Кеше кәсіпкер келіншектің шағын цехына табан тіреп, бүгінгі тынысымен таныстық. Бара сала кезекті тұтынушысының тапсырыс орындап жатқанына куә болдық. Айтуынша, ол былтыр жолдасы Самат Құжымбаев тың атынан мемлекеттен 1 млн 380 мың теңге келетінде қайтарымсыз грант алып, кондитерлік өнім шығару ісін қолға алған.

– Бала күнінен анамның жанында жүріп, түрлі тәттілер пісіріп үйрендім. Негізгі мамандығым – педагог. Ауылдағы мектепте бас ауыш сынып мұғалімімін. Қосымша хоббиімді кәсіпке айналдыру жолдасы Самат Құжымбаев тың атынан мемлекеттен 1 млн 380 мың теңге келетінде қайтарымсыз грант алып, кондитерлік өнім шығару ісін қолға алған.

Жалғасы 4-ші бетте



# 3 ТАНЫМ

## Қазақтың бас ақыны

Қазақтың бас ақыны – Абай (шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асаңдан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ. Ақмола, Семей облыстарында Абайды білмейтін адам жоқ. Ақмоламен сыбайлас Торғай облысында Абайды білетін адам кем, құты жоқ деп айтса да боларлық. Олай болуы сөзі басылмағандықтан, Абайдың сөздері кітап болып басылып шыққанша Абайдың аты да, сөзі де Торғай облысында естілмеуші еді. Ақмола, Семей облыстарында Абайдың атын, сөзін естімедім дегенге недәуір таңырқап қалады.

Мен ең әуелі Ақмола облысына барғанымда Абайды білмегеніме, сөзім естігенім жоқ дегеніме таңырқап қалушы еді. Қай жерде ақындар жайынан ақындардың сөздері жайынан әңгіме болса, Абайдың сөзін мақтамайтын адам болмады. Абайдың сөзін көрмей тұрғанда, мақтағандарына сенбей, қазақ үкілеген өз құнанын өзгергендік тұлпарынан артық көретін мінезі болушы еді, мақтап отырған Абайы біздің Әубәкір, Сейдахмет, Ақмолдаларымыз сықылды біреу ғой деп жүрдім.


1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосанып отырарсың. Сөзі аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адамға шапшаң оқып шықсаң, азына түсінің, көбінің мағынасына жете алмай қалады.

Кей сөздері, ойланатын дағдыланған адамдар болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі. Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда айып жазушыда емес, оқушыда.

Не нәрсе жайынан жазса да Абай түбірін, тамырын, іші сырын қасиетін қармай жазды. Нәрсенің сырын, қасиетін біліп жазған соң, сөзінің бәрі де халыққа тіреліп, оқушылардың біліміне сын болып, емтихан болып табылады. Оқушы сөзді сынаса, сөз оқушыларды да сынады. Абай сөзі заманындағы ақындардың сөзінен оқшау, олар сөзінен үздік, артық. Ол оқшаулық, артықтық басқа ақындардан Абайдың жалғыз сөзінде ғана емес, өзінде де болған.

Абайдың қандай болғанын көзбен көрмесек те, көргендердің айтуынан білеміз. Сөзінің қандай екендігін сөйлеген соң, өзінің де қандай екенін айтып, білдіріп өткеніміз теріс болмас. Абай Семей облысының қазағы, руы Тобықты. Ұлы атасы Ырғызбай Торғай облысындағы Ырғыз деген өзен бойында туған екен. Ырғызбай халқының қолбасы батыры һәм ел ағасы би екен. Тобықтының аймағы аз кезінде Түркістаннан еліп ертіп ауып келіп, Шығыс тауы мағна жайлы деп, қоныс еткен екен. Кіші атасы Өскенбай би халық арасында дағділ би атанған. Өз елі түгіл, басқа алаулары өлдер де араларындағы зор дауларын Өскенбай бидің алдына келіп бітеседі екен. Өз әкесі Құнанбай жұрт аузына қараған қазақтың бас адамдарының бірі болған. Қазақтың төрелер билеп, сұлтандар төрелерден қойылып тұрған заманда, солармен таласып, қарадан сұлтан болған адам екен. Шешесі Ұлжан бәйбіше Қарқаралы уезіндегі Әдірдей, Мыржық деген жердегі Қаракесектің бошан руынан, Бертис бидің тұқымынан. Шеше тұқымы күлдірі, қалжың, өзінде ұста Қантай, Тонтай деген күлкімен сөгіп, қалжыңмен жеңіп, аты шыққан адамдар нәсілінен. Тонтай малды адам болған екен. Ауырғанда өзгелерден гөрі қожа, молдалар көңілін жиірек сұрайтынын байқап жүреді екен. Өлер жолы қатты ауырып жатқанда молдалар көңілін сұрай келіп отырғанында айтқан «Баяғдын бері жазыла-жазыла қожа, молдалардан да ұят болды, енді өлмесем болмас», – деп. Абай 1845-ші жылы туған. Жылы жылан екен. Ибраһим деген атын бұзып, Абай деп ат қойған шешесі екен. Шешесінің сүйіп қойған аты ел арасында шын атынан көбірек айтылады. Абай 10 жасынан 13 жасқа шейін қырда мұсылманша оқыған. 13 жасқа шырдада Семейде Ахмед Ризаның медресесінде оқыған. Медреседе оқып жүргенде 3 айдай орысша да оқыған. 4 жыл мұсылманша оқып, 3 ай орысша оқып, сонымен оқуды қойған. 15 жасында-ақ, балалық қылмай, үлкендердің қатарына кіре бастаған.

Қазақты меңгеріп, халыққа араны жұрп тұрған төрелермен әкесі Құнанбай таласқанда, Абай әкесіне серіктікке жарай бастаған. 20 жасында ел ішіндегі белгілі бір шешені атаңа бастаған. Зеректігінен естігені ұмытпаған. Ел



ішіндегі сақталған қазақтың бұрынғы өткен билерінің білігі, шешендерінің сөйлеген сөзі, көсемдерінің істеген ісі, үлгілі сөздер, ұнасымды әзілдер, мақалдар, мысалдар сияқты нәрселерді Абай көп біледі екен.

Заман бұрынғыдай болса, Абай алаштың атақты билерінің бірі болуы шүбәсіз. Біліммен би болып, жұрт билейтін заман өтіп, тасың [таспен] би болатын заманға қарсы туған. Білімі көптер жұрт билемей, малы көптер жұрт билейтін заманға қарсы туған. Абай жұрт алдына білімін салғанда, басқалар малын салған, жұрттың бөті малға ауып, ел билігі Абай қолына еркін тимеген. «Білімнен мал артық болушы ма еді», – деп, Абай жұрттың онысына көнбей, таласқан. Сөйтіп, партия лаңына кіріп кеткен, өнер, білімін партия ісіне салған.

Білімінің қызығын жалғыз ғана Тобықтылар көріп, басқаларға пайдасы тимей, болыстыққа құмар көп қазақтың бірі болып, бәлкі, сол күйімен өліп те кетуі ықтимал еді. Қазақтың бағына ондай болудан Құдай сақтаған. 80-ші жылдарда жер аударылып барған Михаилис деген бір білімді кісімен, қазақ ғұрпындағы қағдаларды жиюға елге шыққан Гросс деген әкеуімен Абай таныс болған. Бұл Абайдікіне қонаққа келіп-кетіп жүрген Абайдың тегін адам емес екенін байқап, олар болыстықтан гөрі жақсырақ нәрсе барлығын Абайға сөздерін. Абайдай зерек адамға жөн сілтесе болғаны, онан арғысын өзі іздеп табады. Олар орыстың атақты ақындары Пушкин, Лермонтов, Некрасов барлығын, қарасөзді келістіріп жазғыш Толстой, Салтыков, Достоевский барлығын, сөз сыншысы Белинский, Добролюбов, Писарев барлығын Абайға білдірген, олардың кітаптарымен таныстырған. Өлең жазған Пушкин, Лермонтов, Некрасовтар қазақтың би, болыстарынан гөрі қадірлі екендігін Абайға түсіндірген. Ғылымды жұртта өлең жазу, сөз жазу нағыз қадірлі істің бірі екенін Абай енді ұққан. Ақындық, өлеңшілік ел көзіне қадірсіз көрінсе, ол кемшілік ақындық пен өлеңшілікте емес, ақындық пен өлеңшілікті орнына жұмсағандықтан екендігін ақындық пен өлеңшілікте қазақ ақындары, өлеңшілері қайыршы, тілеңшілік орынға жұмсағанның өлеңнің қадірі кеткенін Абай өбден білген соң, өлең жазуға түскен. Абай жас күнінде күлкі үшін қалжың өлеңдер, қыздарға ғашық өлеңдер жазған, сөйсең соң арланып, тастаған екен. Михаилис пен Гроссқа кез болмаса, сол күйімен, бәлкі, кетер еді. Қандай үлгілі, қандай мағыналы, қандай асыл қандай терең сөздер жерге кемілер еді?! Абай сөздері дүниеде қалғаны – қазаққа зор бақ. Бетін түзеп, жөн сілтеген кісілерге де, сілтеген жолды ұялақпай тұп-тура тапқан адамға да қазақ балалары талай алғыс береді.

Орыс ақындарымен танысып, өлең орны қайда екенін білгеннен кейін, Абай өлеңге басқа көзбен қарап, басқа құрмет-ықыласпен күтіп алып, төр түгіл, тақтан орын берген. Бірақ басқа сөзден өлеңнің таққа мінгендей артықшылығы қандай – оны да көрсетіп, айтып қойған. Айтушы мен тыңдаушының көбі нағдан болғандықтан, өлең болып айтылып, тыңдалып жүргендердің көбі өлең емес екендігі, өлең жазушылар болса да, келістіріп жазушылары ішінде бірнәрсен таңдама екендігі, жұрт мағыналы, маңызды, терең сөзден гөрі мағына жоқ, маңыз жоқ, жеңдей гүлеп, құлаққа дыбысы тіпті өте шығатын жеңіл сөздерді тыңдауға құмар екендігі Абайдың өлең жайынан жазған сөздерінде көрсетілген. Сол сөзінен Абайдың сыншылығы, өлең жақсы болуға не керектігін білетіні де көрініп тұр. Сөз жазатын адам әрі жазушы, әрі сыншы болуға керек. Сөздің шыршайы, ажарлы болуына ойдың шеберлігі керек; Ұнамды, орынды, дәмді болуына сыншылық керек; мағыналы, маңызды болуына білім керек. Абайда осы үшеуі де болған. Бұлардың үстіне,

Абай көсем, үлгі шығарып, өнеге жайғыз болған. Абайда өлең сөздің неше түрлі үлгісі, өрнегі табылады. Ол өрнектерді ойдан шығармай, орыстан алса да, орыс өлеңдерінің өрнектері қазақ тіліне жарайтындығын бастап көрсеткен де зор көсемдік. Абай өлең жақсы болуға керек шарттардың бәрін білген. Сондықтан өлеңі қай тарапынан да болса толық. Жалғыз-ақ міні бар. Ол мін – өлең бұнақтары тексеріліп орнына қойылмағандық. Оның оқиғанда я өнге салып айтқанда кемшілігі зор болады. Дауыстың ағынын бұзып, өлеңнің ажарын кетіреді, мысалы, төселіп желіп келе жатып шоқтығып кеткен сияқты, тайпалып жорғалап келе жатып текіретіп кеткен сияқты. Бұл кемшілікті түзетуге болады. Өлеңнің үш бұнақты бұнақтары мен төрт бұнақты бұнақтары алмасып кеткен жерлерін алып, өз орындарына қойса, түзеледі. Мұнан басқа Абай өлеңдерінде мін бар деп өз басым айта алмаймын. Кейбіреулердің айтатын «ауырлығы бар» деген сөздер, ол өлеңнің қысынын көлтіре алмағанның емес, өрнегінің жаңалығынан, қазақ өлеңдерінің дағдылы түрінен басқарақ болған соң, оқушылар жаттыққанша жатырқайды. Сонан ғана ауыр сияқты көрінеді.

Абайдың өзі тексеріш болған соң, оның өлеңін тексеріп қата шығарып ешкім жарыта алмайды. Абайдың қандай сыны, сөз тексеріш екендігін төмендегі сөзінен байқауға болады: Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы, Құннан қиыстырар ер данасы. Тілге жеңіл жүрекке жылы тиіп, Төп-тегіс жұмыр келіп айналасы. Бөтен сөзбен былғаса сөз арасы, Ол – ақынның білімсіз бишарасы. Айтушы мен тыңдаушы көбі нағдан, Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы. Әуелі аят, хадис – сөздің басы, Қосарлы бейітсымал көлді арасы. Қысымымен қызықты болмаса сөз, Неге айтсын пайғамбар мен оны Алланы. Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы, Минажат үлгілердің зарнамасы. Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар, Әрбірі келгенінен өз шамасы. Өлеңге өркімнің-ақ бар таласы, Сонда да солардың бар таңдамасы. Іші алтын, сыртты күміс сөз жақсысын Қазақтың келістірер қай баласы? Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап, Мақалдап айтады екен сөз қосарлап. Ақындыры ақылысыз, надан келіп, Көр-жерді өлең қылты жоқтан қармап. Қобыз бен домбыра алып, топта сарнап, Мақтау елді айттыты өркімге арнап. Әр елден өлеңменен қайыр тілеп, Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап. Мал үшін тілің бөзеп, жанын жалдап, Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап. Жат елде қайыршылық қылып жүріп, Қай елді бай деп мақтар Құдай қарғап. Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап, Жиса да бай болмапты қанша малды ап. Қазаққа өлең деген бір қадірсіз, Былжырақ көрінеді соларды аңдап. Ескі бише отырман бос мақалдап, Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап. Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел! Сөздерге де көлейін енді аңдап. Батырды айтсам ел шауып алған талап, Қызды айтсам, қызықты айтсам қыздырмапал, Әншейін күн өткізбек еңгімеге Тыңдар едің өз сөзің мыңға балап. Абайдың асылын танып, дұрыс баға берген нәрсесі жалғыз өлең емес, көп нәрсені Абай сөз қылған соң сөздерінің бәрінде де Абайдың әр нәрсенің асылын танығаны, білгені көрінеді.

Абайдың өлеңдері қазақтың басқа ақындарының өлеңінен үздік артықтығы әр нәрсенің бергі жағын алмай, арғы асылынан қарап сөйлегендіктен. Басқа ақындардың сөзге шеберлігі, шешендігі Абайдан кем болмаса да, білімі кем болғандығы дауысы. Абай сөзінен Әубәкірдің шайды, көбісті өркім тұтынып кеткені асылды қорлау болды» деп қайғырған сөздері табылмайды. Басқа ақындар аз білімін сөздің ажарымен толтыруға тырысқан. Абай сөздің ажарына қарамай, сыпайлығына қарамай, әр нәрсенің бар қалыбын сол қалыбыша

дұрыс айтуды сүйген. Мысалы, «Аттың сыны» деген өлеңінде сыпайшылық жүзінен құлаққа жағымсыз тиетін сөздер бар; бірақ аттың сынына керек мүшелері болған соң, оларын айтпаса, аттың сыны толық болып шықпаса еді. Абайдың «Аттың сыны» деген өлеңін оқығанда көз алдында сол жақсы аттың өзі тұрғандай, пішіні келіп елестейтін жақсы атқа бітетін мүшелердің бірін қалдырмай жазғандықтан. Абай көп нәрсені білген, білген нәрселерін жазғанда, «мынау халыққа түсінуге ауыр болар, мынаны сыпайшылыққа кемшілігі болар» деп, таяқтан тартынбаған. Хақиқатты хақиқат қалыбында, тереңді терең қалпында жазған. Хақиқатты тануға, тереңнен сөйлеуге, бойына біткен зеректікті үстіне, Абай әр түрлі Еуропа білім иесілерінің кітаптарын оқыған. Тәржіма халің, жазушы Ғалихан Бекіхановтың айтуына қарағанда, Абай Спенсер, Луис, Дрелер деген Еуропаның терең пікірлі адамдарының кітаптарын оқыған. Өлең жазушылардан орыстың Лермонтов деген терең пікірлі ақынының өлеңдерін сүйіп оқыған. Сондықтан Абайдың терең пікірлі сөздерін қарапайым жұрттың көбі ұға алмай, ауырсынады. Абайдың өлеңдерін мың қайтара оқып, жаттап алып жүрген адамдардың да Абайдың кейбір өлеңдерінің мағынасын түсініп жетпей жүргендерін байқағаным бар, құты, осының мағынасы не деп сұрағандары да бар. Сол өлеңді алып қарасақ, айтылған пікірде, ол пікірді сөзбен келістіріп айтуында өзі кемшілік жоқ. Түсіне алмаса, ол кемшілік оқушыда. Сондай түсінуге қиын көретін сөздерінің бірі мынау: Көк тұман алдындағы келер заман, Үмітті сөзге етіп көз көп қадалған. Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр, Сипат та, сурет те жоқ, көзім тапқан. Ол күндер өткен күнмен бәрібір бас. Келер, кетер, артына із қалдырмас. Соның бірі – арнаулы таусыншық күн. Арғысын бір-ақ Алла біледі, рас. Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі, «Мені» мен «менікінің» мағынасы – екі. «Мен» өлкеме тағдыр көз әуел бастан, «Менікі» өлсе, өлсің, оған бекі! Шырақтар, ынталарың «менікінде», Тән құмарын іздейсің күні-түнде. Әділеттік, арпылық, махаббат пен – Үй жолдасың қабірден әрі өткенде. Адам ғалып дүниені дер «менікі», «Менікі» деп жүргеннің бәрі оныкі. Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде, Сонда ояла, болады не сенікі? Мазлұмға жаңып ашып, ішің күйсін, Харекет қыл пайдасы көпке тиісін. Келтің қамын әуелден теңірі ойлаған, Мен сүйгенді сүйді деп өзі сүйсін. Келтің бәрін көп деме, көп те бөлек. Көп іт жеңіп, көк итті күнде жемек. Ғадалат пен мархамат – көп азығы, Қайда көрсен, болмап бақ соған көмек. Әркімнің мақсаты өз көрегенде, Біле алмадым пысығың зерегін де. Саяз жүзер сай-қалдар ғапыл қалар, Хақиқат та, діндағы тереңінде. (1897 ж.) Абайдың осы сөзінің дұрыс емес, қате айтылған, теріп айтылған, жұмбақ қылып, ашпай айтылған еш нәрсесі жоқ. Бәрі де дұрыс, түзу, тиісті орында айтылған сөздер. Оған оқушылар түсінбесе, ол Абайдың үздік ілгері кетіп, оқушыларға шыңа ере алмағанын көрсетеді. Абайды қазақ баласы тегіс танып, тегіс білу керек.

Абайдың сөздері 1909-шы жылы кітап болып басылып шықты. Бірақ жұртқа тарамай жатыр. Басылған кітап Ақмола, Семей болысынан басқа облыстарға таралмай жатқаны кісі таң қаларлық іс. Абайдың сөзін Семей ләлкісіне қамап, жасырып қоймай, кілі қазақ баласы бар уаляттардағы кітап сатушылардың бәрін де дүкендерінде жүргізу керек еді. Абайды қолымыздан жеткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру негізгі міндеті екенін тілге тиек етті.

Бізге қойылған басты талап – азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтардың алдын алуда нақты жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру негізгі міндеті екенін тілге тиек етті.

Азамат Баянбайұлы азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтардың алдын алуда нақты жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру негізгі міндеті екенін тілге тиек етті.

Азамат Баянбайұлы азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтардың алдын алуда нақты жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру негізгі міндеті екенін тілге тиек етті.

Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ  
1913 жыл

### Акция

Қызылорда облысы прокуратурасының аппарат басшысы Азамат Баянбайұлы аудан тұрғындарымен «Заң және тәртіп керуені» акциясы аясында кездесу өткізді. Кездесуді аудан әкімі Ардақ Ибраимов ашып, акцияның маңыздылығына тоқталды.

## Тұрғындар сауалының түйінін тарқатты



Шараның негізгі мақсаты – тұрғындардың көкейінде жүрген сұрақтарына жауап беру, жергілікті деңгейдегі мәселелерді шешуге құқықтық көмек көрсету. Бұл шара халықтың билікке деген сенімін арттырып, мәселелерді жедел шешуге, тұрғындардың негізгі сергелдеңе түсуін және өтініштердің сөзбе-сөз салынуын болдырмауға оң ықпал етеді, – деді аудан әкімі.

Азамат Баянбайұлы азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтардың алдын алуда нақты жұмыстар атқарылып жатқанын жеткізіп, Мемлекет басшысының Жолдауында «Заң және тәртіп» қағидатын жүзеге асыру негізгі міндеті екенін тілге тиек етті.

Бізге қойылған басты талап – азаматтардың құқықтарын қорғау, заң бұзушылықтардың алдын алу. Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық қауіпсіздік кез келген қоғамның дамуы мен тұрақтылығының негізі болып табылады. Біз ең ұсақ құқық бұзушылыққа да ымыраға келмеуіміз керек, өйткені ол қоғам тыныштығын бұзады. Құқық бұзушылыққа тәзбеу – қоғамдық тәртіпті нығайтуға, қылмыспен күреске бастайтын маңызды қадам. Бұл мәселелерді жою және болдырмау мемлекетіміздің одан әрі дамуына жол ашады, – деді ол. Кездесуден соң Азамат Баянбайұлы аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

### Фестиваль

## Нәзікжандар еңбегі дәріптелді



Ауданға арнайы іс-сапармен келген облыстық әйелдер кеңесінің төрайымы Райқұл Байназарова, «Анаға тағзым» орталығының директоры Алтынай Молжанова және жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған фестивальге қатысушы қыз-келіншектер жаңадан ашылған «Руханият» орталығының тыныс-тіршілігімен танысты. Мұнан соң аудандық округлер үйінде облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мен «Сыр елі әйелдер кеңесі» қоғамдық ұйымының ұйымдастыруымен жұмысшы арулар фестивалі өтті.

Фестивальге арнайы келген меймандармен қатар ауыл шаруашылығы саласының ардагері Ханбибі Асқарова, мәдениет саласының ардагері Роза Боранбаева және аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасулан Еспенбет қатысты. «Гүлдей нәзік, болаттай берік» атты облыстық фестивальдің аудандық кезеңінде 10 жұмысшы, кәсіпкер қыз-келіншек қатысып, өнерлерін ортаға салды.

Шара барысында аудандық қоғамдық даму бөлімінің басшысы Жасулан Ерданұлы Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде әйелдер құқығы мен мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлініп жатқанын, жалпы елдің өркендеуіне нәзікжандар да айрықша еңбек сіңіргенін жеткізді.

Мемлекет басшысының қолдауымен елімізде әйелдер құқығы мен мүддесін қорғауға ерекше көңіл бөлініп келеді. Әйелдер бүгінде барлық салада жемісті еңбек етіп жүр. Мемлекетіміз жеткен жетістіктерге нәзікжандардың қосқан үлесі зор деп айта аламыз. Біздің ауданда да өмірге ұрпақ өкеліп, оларды тәрбиелеп өсіруге үлгі-өнеге болып жүрген алтынқұрсақты аналарымыз, сондай-ақ белгілі бір кәсібін дөңгелентіп немесе ерлермен қатар ауыр жұмысты меңгерген әйелдер қауымы да жетерлік, – деді ол.

Айта кетейік, халықаралық әйелдер күніне және жұмысшы мамандықтар жылына орай ұйымдастырылған облыстық жұмысшы арулар фестивалі нәзікжандардың өз салаларындағы кәсіпқойлығын, олардың қоғамдағы жауапкершілігі мен еңбегін дәріптеуге бағытталған. Сонымен қатар әздерін жаңа қырынан көрсетуге, тәжірибе алмасуға және кәсіби ортада жаңа байланыстар орнатуға мүмкіндік алады.

Фестиваль барысында қатысушылар үш кезең бойынша өздерінің мүмкіндіктерін көрсете отырып, өз салаларындағы жетістіктерін, тәжірибелерін, білімдерін дәріптеді. Бірі тіпінші, бірі кондитер, бірі қолөнер шебері, енді бірі гүл өсіруші келіншектер өз кәсіптерінің қыр-сырынан хабардар етіп қана қоймай, керемет туындыларынан көрме ұйымдастырды.

Ауданға арнайы келген меймандар шараны қорытындылай отырып, әйелдер қауымы қоғам мен мемлекет ісінде де өздерінің қабілетін көрсетіп, барлық салада қызмет етіп, үлкен жетістіктерге жетіп жүргенін жеткізді. Шара соңында қатысушыларға арнайы алғыс пен сыйлықтар табысталды.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

**Тілшілік тірлікпен кеше тағы жолға шықтық. Бұл жолғы бағытымыз – Мәдениет ауылы. Бұл ауылдың тынысымен бұған дейін де етене танысып. Ауыл жастары білім, өнер, спорт додаларында топ жарып, бас бейгені еншілеп келгенде олардың жеңісін оқырман қауымға жеткізу үшін арнайылап ауылға атбасын бұрғанбыз. Ал бүгін мұнда келудегі мақсатымыз – соңғы жылдары ауылда атқарылған ауқымды істер мен жүзеге асатын жарқын жобалардың жай-күйімен танысу.**

## Бірлікпен тірлігін түзеген



Ауыл әкімі Төлеген Қорғанбектің айтуынша, былтыр 1,3 млн теңгеге ауылдың ішкі көшелеріне жасыл белдеуді қоршау және 522 мың теңгеге ауылды көркейту көгалдандыру жұмыстары жүргізілген. Мәдениет ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратына 3 бейнебақылау камерасы орнатылып, құны 2,6 млн теңгені құрайтын «Жеңіс» бағы жанында орналасқан спорт алаңына жөнделген. Мұнан бөлек ауыл тұрғындарының демалуына 3,5 млн теңгеге А.Құнанбаев көшесі бойынан 0,10 гектарды құрайтын балалар ойын алаңы мен саябақ, Ж.Жабаев көшесіне 0,15 гектар жерге ағаш көшеттері отырғызылып, «ӘлемТрансЖол» ЖШС демешілігімен 7 млн теңгеге ауысу мұнарасы ауыстырылған.

Қазіргі таңда ауыл тұрғындарының 90 пайызының есік алдына ауысу жеткізілген. Сондай-ақ жалпы құны 199,8 млн теңгеге Жаңақоныс көшесін орташа жөндеуге ЖСҚ әзірленіп, қаржыландыру үшін тиісті басқармаларға бюджеттік өтінім жолданған. Ал Ж.Тайшиев көшесі бойынан 250 метр жерге жаңадан қоршау жұмыстары жүргізіліп, алдағы кектемеде ағаш отырғызуға дайындық жұмыстары жүргізілді.

### Кәсіпкерлік қарқын алған

2 мыңға жуық халқы бар ауылда жұмыссыздық деңгейі 1,5 пайызды

құрайды. Мұнда 139 кәсіпкерлік субъектісі тіркеліп, қазіргі таңда оның 108-і нақты жұмыс істеп тұр. Оның ішінде 1 ЖШС, 5 кооператив, 48 шаруа қожалық, 85 жеке кәсіпкерлік субъектісі бар. Мұнан бөлек 5 күрші ақтайтын дүірмен, 10 жеке кәсіпкердің сауда дүкені, 1 қоғамдық монша, 2 автокөлік жуу орталығы тұрғындарға қызмет көрсетуде.

— Ауылда соңғы жылдары көптеген жарқын жоба жүзеге асты. Жаңадан спорт мектебі, мәдениет үйі, 90 орындық балабақша бой көтеріп, ел игілігіне берілді. Жаңа нысандар тек ауыл мәдениеті мен спорттына серпін беріп қана қоймай, ауылдағы жұмыссыздық мәселесіне тұсау болды, — дейді ауыл әкімі.

Мәдениеттегі мәдениет ошағындағы кітапхана да оқырмандарға сапалы қызмет көрсетіп, ауыл жастарының бос уақытын тиімді өткізу мақсатында түрлі шаралар өткізіп, жастарды кітап оқуға баулуға. Мұнан бөлек 80-ге жуық бала спорт мектебінде тұрақты шұғылданып, республикалық жарыстарда Азия, Әлем чемпионатында жеңіспен оралып жүр.

Ауылда егін, мал шаруашылығынан бөлек кәсіпкерлік саласы да қанат жайып келеді. Бұрын жергілікті тұрғындар тек егін және мал шаруашылығымен айналысса, бүгінде сала түрлерінен Сұхбат барысында ауыл әкімі «Кәсіп істеп, шаруамды ширатамын» деген жастарға қашанда қолдау көрсетіп,

сүйемелдеу жұмыстарына дайынмын» деген болатын.

Былыт мемлекет тарапынан берілген қолдауды 8 тұрғын тиімді пайдаланып, өз кәсібін бастағанына қарап, ауыл әкімінің кәсіпкерлік саласына серпін беруде аянып қалмағанын аңғардық. Қайтарымсыз грант жеңіп алған ауыл тұрғындарының басым көпшілігі мал шаруашылығын дамытуда. Мәселен, Жандос Байболов мал бордақылау ісімен айналысып кәсібін өркендетсе, Серік Бедешов, Асылхан Қаппаров, Есенкелді Ердесов, Әйгерім Талаева сынды тұрғындар мемлекеттің қайтарымсыз қаржысына қол жеткізіп, жылқы, сиыр өсіру бағытында жұмыс істеп жатыр. Мұнан бөлек бір кәсіпкер кондитер өнімін қолға алған. Ауыл тұрғындарынан бөлек көршілес ауылдағы ағайынға да өз өнімін ұсынған кәсіпкер кәсібінің көкіжиегін кеңейтіп, мемлекет тарапынан тағы да қолдау болса, алауынан үлкен цех ашып, жұмыссыз жастардың санын азайтақ.

Ауылдағы кәсіпкерлер қайырымдылық шараларынан тыс қалмайды. Игілікті істердің басы-қасынан табылатын шаруашылық басшылары іс-шараларда, мерекелерде ауыл қарттарына сый-сияпат жасайды. Одан бөлек мұқтаж жандарға, тұрмысы төмен отбасыларға да көмек қолын созып, өзгелерге үлгі болып жүр.

Ауыл экономикасының негізгі тірегі — егін шаруашылығы. Соның ішінде күрші егумен айналысатын бұл ауылда бүгінде бірнеше шаруа қожалық бар.

Мәдениет ауылының жалпы жер көлемі — 11 718 гектар. Оның ішінде шабындық жер көлемі — 7 850, егістік жер көлемі — 4 275 гектар. Мұнан бөлек 1 397 гектар жайылымдық жері тағы бар. Былыт көктемгі науқанда 1157 гектар күрші, 269 гектар жаңа жоңышқа, 139 гектар мақсары егілген. Сондай-ақ ауыл тұрғындарына бау-бақша етуге шаруашылық басшыларының көмегімен елді мекеннің оңтүстік бетінен 25 гектар жер ашып беруге көмек көрсетілді.

— Бүгінде елді мекенде 11 ішкі көше бар. Оның 9-ы асфальтталған. Ал 2 көше күрделі жөндеуді қажет етеді. Быыл ауыл бойынша 4 көшеге жарықтандыру жұмыстарына ЖСҚ әзірлеп, Ж.Жабаев көшесіне жаңадан тас төсу жұмыстары, Жаңақоныс көшесін асфальттау жұмыстары жүргізіледі, — деді ауыл әкімі.

Елді мекеннің ахуалы басқа ауылдардан көшілгері. Төп-төгіс жол мектеп, балабақша, мәдениет үйі мен спорт мектебі, кәсіпін айналысатын дегендерге қолдау, бәрі де ауыл игілігіне жұмыс істеп тұр. Тұрғындар қай істе де ауызбіршілік пен ынтықмақты ту еткен. Сондықтан ауылда атқарылған жобалар сәтті жүзеге асып отыр.

**А.ЕРЖАНҚЫЗЫ**

## Кәсіпкер келіншек

Кейіпкеріміз сүйікті ісіне айналған тәттілер бизнесін елімізде эпидемиологиялық ахуалға байланысты жаппай карантин режимі орнаған кезде бастаған. Пісірген тәттілерін ең алдымен туған-туыс, достарына ұсынған ол бүгінде жаппай ауыл мен көршілес елді мекендердегі ағайынды өз өнімімен қамтып отыр.

— Тұтынушылар көбіен сайын шабытым оянып, ерекше тәттілер пісіруге тырысамын. Ешкімде жоқ дүние жасауға бала күнімен әуеспін. Бастапқыда торттың «медовик» түрін ғана дайындасам, кейін «вупи пай», «қызыл барқыт» сынды торттардың түр-түрін пісіремін. Мұнан бөлек тұтынушылар сұранысына сәйкес той-томалақ, құдайы ас, мейрамдарда дастарқанға қойылатын самса, тәтті тоқаш, бәліштер де дайындаймын, — дейді ол.

Иә, оның мемлекет тарапынан берілген қаржыны басқа мақсатқа жұмсамай, тек кәсібін қүйғаны көрініп тұр. Үйінің бір бөлмесін қажетті құрал-жабдықпен жарақтандыра отырып, қолға тиімен дегенше бір-ақ таба сиятын шағын пешпен торт пісірген ол қаражатын алысымен қажетті миксер, тоңазытқыш, бір мезетте төрт табамен торттың бөліктерін пісіретін үлкен пеш алған. Ол бұл пеш уақытты үнемдеуге әрі бірнеше торт пісіруге септігін тигізетінін айтты.

Кәсіпкер қажетті заттарын арнайы қаладан алдырып, тұтынушыларына алдын ала тапсырыспен бағын күйінде дайындайды. Оның шағын цехында көмекшілер жоқ. Әйтсе де оған ұл-қыздары қолғабасы етеді. Былыт тәттілеріне қызығушылық танытқан ауылдың қыз-келіншектеріне торттың жасалу жолын көрсетіп, оларды кәсіпкерлікке баулыған. Одан білім алған 7 келіншектің 3-еуі бүгінде өз кәсібін бастап, өнімін сата бастаған.

— Мен тәттілердің құрамын қызғанып, үйретпей қашудан аулақпын. «Қолымнан келеді, істеймін» деп қызығушылық танытып тұрған ауылдың жас келіншектеріне қашанда көмек көрсетуге дайынмын. Қайта олардың үйлерінде бос отырмай, бір кәсіпін айналысқанына кішкене болса да септігін тигеніне қуанамын. Мүғалім болғасын кейде сабақ, жарыстан қол тимей, тапсырыс қабылдай алмайтын кездер болады. Сондай кездерде менен білім алып, кәсіп бастаған келіншектерге хабарласып, «осындай тапсырыс түсіп жатыр» деп айтып, оларға да тұтынушылар тауып беремін, — дейді кондитер ағынан жарылып.

Кейіпкеріміздің тәттілері халықтың қалтасына қонымды, тиімді бағада. Себебі ол тұтынушыларының алғысын алғаннан артық ештеңе жоқ дейді. Ауыл халқының жағдайын ескерген ол көпбалалы отбасыларға тәттілерін арзан бағада ұсынады.

«Марусия, үйдемісің?» деп үйге амандық-саулық сұрап кірген әйелдің дауысы естілді. Өзін кәсіпкердің көршісімін деп таныстырған апаны біз де өңімізге тарта кеттік. Айтуынша, ол ертең үйінде қонақ күтеді, Марусияға тәттілерге тапсырыс беруге келіпті.

— Марусия — өз ісінің маманы. Торттары өте дәмді, және айтылған уақытында дайындап береді. Ерекше ұнайтыны, торттың безендіруін қалай айтсаң, дәл солай жасап береді. Ауыл тұрғындарының әрбір мерекелік кеші мен туған күндері Марусияның тәттілерінсіз өтпейді десем артық болмас. Жақында жолдасым мен екі нөмеремнің туған күнінде тәтті тортқа тапсырыс бердім. Ал ертеңгі қонақтарыма шөйге арналған тәтті бәліштер мен бисквиттерге тапсырыс беруге келдім, — дейді ауыл тұрғыны Бақыт Қыстаубаева.

Марусияның қазір тұрақты тұтынушылары жетерлік. Көршілес ағайынға да өз тәттілерін уақытылы жеткізіп отыр. Бастысы, халықта сұраныс, ал кәсіпкерде «кәсібіңнің көкіжиегін кеңейтсең» деген ынта бар. Отбасындағы міндеттермен қатар тәтті пісіруге уақыт тауып, кәсібін дөңгелетіп отырған жас кондитердің алға қойған мақсаты айқын.

Ол алдағы уақытта мемлекет тарапынан тағы да қаржылай қолдау болса, үй ауласынан шағын цехтың іргетасын қаламақ. Кейіпкеріміз — кәсіпкер әйелден бөлек, асыл жар, бақытты ана. Сұхбат соңында кәсіптің көзін тауып, берекелі тұрмыс кешіп отырған іскер азаматшаның тынымсыз тіршілігіне сүйсініп қайттық.

**Ақтоты БҮРКІТБАЙ**  
Басы 1-ші бетте

## Салаға серпін берген спорт мектебі



**Елімізде спортқа ерекше көңіл бөлініп отыр. Нәтижесінде спортшыларымыз облыстық, республикалық жарыстарда топ жарып, үздік нәтижеге қол жеткізіп жүр. Әрине, бұл ретте жастардың бос уақытын тиімді өткізуге сеп болған үйірме мен спорт мектептерінің үлесі басым екенін жоққа шығара алмаймыз. Осы ретте кеше Мәдениет ауылындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебіне арнайы барып, ауыл жастарының спорттағы жетістіктері мен алдағы додаларға дайындық барысымен таныстық.**

Бізді спорт мектебінің оқу ісі жөніндегі орынбасары Базарбек Әбеннов ұжымның тыныс-тіршілігімен, спортшылардың жеткен жетістігімен таныстырды. Заман талабына сай бой көтерген нысаным біздіңдеріміз, мекеменің материалдық-техникалық базасын жаңартып, спортшылардың облыстық, республикалық додаларға қатысуына жергілікті биліктен үлкен қолдау бар.

— Спорт мектебінің филиалдары өзге ауылдарда бар. Яғни Мәдениет ауылындағы №14 балалар жасөспірімдер спорт мектебіне қарасты Бұқарбай батыр ауылында еркін күрес, Аламесек ауылында қол добы, Еңбекші волейбол, бокс, Мырзабай ахун ауылында бокс, таеквандо, Жанаталап ауылында дзюдо, Мақпалкөл

ауылында қазақ күресі, кикбоксинг, Аққыр ауылында ауыр атлетика спорт үйірмелері жұмыс жасайды, — дейді Базарбек Әбеннов.

Бұл ауыл балаларының спорт саласында жетістікке жетуге жасалған үлкен мүмкіндік екені даусыз. Айта кетейік, аталған ауылдардағы спорт үйірмелері 692 шәкіртті байрақты бәсекеге дайындап, аудан қоржынын түрлі медальдармен толықтыруда. Мәселен, мұндағы 9 спорт түрі бойынша 80-ге жуық жасөспірім спорт шеберіне үміткер атағын орындаған. Ал 1-ші разрядты 40 спортшы бар.

Біз табан тіреген Мәдениет ауылында қазіргі таңда бокс пен дзюдо үйірмесі тұрақты жұмыс жасауда. Бокс үйірмесінің жаттықтырушысы Болатбек Оралжанның бұл үйірмеде

шәкірт шындағанына 10 жылдан асқан. Осы жылдар ішінде ол үйірмеден 1 спорт шебері, 51 спорт шеберіне үміткер, 20-ға жуық 1-ші разрядты спортшы шығарған. Айтуынша, қазіргі таңда үйірмеде 8 жаспан 16 жасқа дейінгі 28 бала бар. Қазіргі таңда олар облыс біріншілігі мен халықаралық турнирлерге тыңғылықты дайындық үстінде. Білікті жаттықтырушының мақтан тұтар шәкірттері жетерлік. Соның бірі — Думан Кенжебек. Ол 4-ші сынып оқушысы.

— Жаттықтырушымыз шақыртумен бұл үйірмеге былтырдан бастап қатысып келемін. Қамшыбек Қоңқабаев, Бекзат Саттарханов ағаларым секілді мықты боксшы болып, әлемдік деңгейдегі жарыс-

тарда жеңіс тұғырынан көрініп, еліміздің көк туын желбіреткім келеді, — дейді жас спортшы.

Бір қызығы, Думанның бұл спортпен шұғылданғанына әлі бір жыл толмаған. Әйтсе де ол өзінің мықтылығын жақында Алматы қаласында өткен республикалық турнирде дәлелдеп, I орын алып, «Үздік боксшы» номинациясын иеленген. Бокстан бөлек жас спортшы, мектептегі волейбол үйірмесіне де қатысады.

Думанмен қатар Алматыда өткен республикалық турнирде үйірменің тағы бір қатысушысы Алпысбай Санжар I орын, Бисенбай Мирас III орын иеленген.

— Өзім бұл спорт түріне 6-шы сыныбымда келдім. 2004 жылы алғашқы жаттықтырушымын осындағы Базарбек ағай болды. Ал 2005 жылдан 2010 жылға дейін Қызылорда облыстық дарынды балаларға арналған Жалантас Баһадур атындағы мектеп интернатында білім алдым. 2009 жылы ҚР жазғы спорт ойындарында III орын иелендім. Шәкірттеріміз спортқа деген құлшынысын арттыру мақсатында 2019 жылы Қамшыбек Қоңқабаевпен, ал былтыр Париж Олимпиадасының күміс жүлдегері

Нұрбек Оралбаймен арнайы кездесу ұйымдастырдым. Болашақта ел намысын қорғайтын жас спортшылармен кездесу барысында Нұрбек өзінің спорттағы жетістіктері мен қызықты сәттерімен бөлісіп, жастардың бір-қатар сауалына жауап берді, — дейді жаттықтырушы.

Білікті бапкердің алғашқы шәкірттері Махан Нұрымжан, Жұбатқан Ершат, Андрей Асхат, Ысқақ Руслан, Мадияр Айдосұлы, Бекарыс Кереметов, Айдос Қасқырбай сынды спортшылар республикалық және халықаралық жарыстардың жүлдегері аталған. Оның ішінде Мадияр Айдосұлы — аудан тарихында алғаш рет бокстан ҚР спорт шебері нормативін орындаған алғашқы боксшы. Ал Руслан Ысқақ бапкерінің жолын жалғап, Еңбек ауылында жаттықтырушы қызметін атқаруда.

Аталған спорт мектебінің қай спорт түрін алып қарасаныз да жаттықтырушылары өз ісінің нағыз шебері екенін аңғардық. Мәселен, мұндағы дзюдо үйірмесінің жаттықтырушысы Гүлдана Қаппарова 15 жылдан бері аталған спорт түрінен шәкірт шындауда.

— Қазіргі таңда мекте жас ерекшелігіне қарай үлкен және кіші екі топ бар. Екі топтың барлығын қосқанда 22 жас спортшы бар. Мектеп бөлек дзюдо үйірмесін тағы екі жаттықтырушы жүргізеді. Оларда 30-ға жуық бала бар. Жалпы барлық топты қосқанда үйірмеге 50-ден аса бала келеді. Олардың арасында 4 ҚР чемпионы, 1 Азия чемпионы бар, — дейді дзюдо үйірмесінің жаттықтырушысы.

Айта кетейік, жаттықтырушы Гүлдана Қаппарова да — ҚР спорт шеберіне үміткер. Сондай-ақ жеңіл атлетикадан ҚР чемпионы. Әкесінің қолдауымен бастапқыда каратэ, таеквандо, содан кейін дзюдоға келген.

Тізе берсек, аталған спорт мектебіндегі спортшылардың жетістігі аз емес. Әрине, бұл — жас спортшылардың тыңғылықты дайындығы мен күндіз-түні чемпион шығаруды мақсат еткен бапкерлердің ерен еңбегінің жемісі. Аталған спорт мектебінің бүгінгі тынысы мен жетістігі осындай. Алдағы уақытта да спортшылардың жеңіске толы күндері жалғасын тауып, аудан мерейін үстем ете беретініне сеніміміз мол.

**Сезім НҰР**

**Меншік иесі:**  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Бас директор**  
**Марат АРАЛБАЕВ**  
Жалағаш аудандық  
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы  
**Бас редактор**  
**Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ**

**Телефондар:**  
**Бас директор - 8(7242) 70-00-36**  
**Бас редактор - 32-0-41**  
**Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75**

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.  
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.  
**Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.**  
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.  
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімкерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.  
Тел.: 8(7242) 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 нөміс 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
**Таралымы 2850 Тапсырыс №319**